«Ауыл Береке 2016» ЖК басшысы
М.Ахайға
Заңды мекен жайы: Жамбыл облысы,
Т.Рысқұлов ауданы, Ақыртөбе ауылы,
Т.Рысқұлов көшесі №4 үй.
ЖСН 890501301481
Ұялы телефон: +7 7057522393

Шағымды қарау нәтижелері

Сіздің 2026 жылғы 08 сәуірдегі шағымыңыз бойынша, № 16243671-3 өткізілген конкурсқа қатысты, конкурсты ұйымдастырушы – Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Меркі ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып табылады, келесі лоттар бойынша қорытындылар хаттамасымен келіспейтініңіз туралы:84437999-КпОПО1, 84432927-КпОПО1.

Келесі негіздер бойынша: **Өтініш беруші № 17391040 қорытындылар туралы** хаттамамен келіспейді.

Шағымда көрсетілген талаптар шеңберінде әлеуетті өнім беруші «Ауыл береке 2016» ЖК-нің конкурстық өтінімі қайта зерделенді. Зерделеу нәтижесінде келесілер анықталды: тәжірибеге қатысты, 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 қағидаларға сәйкес, қызмет көрсетушіні таңдау өлшемшарты бойынша (алдыңғы 7 жылдағы тиісті өңірдегі қызмет көрсету нарығындағы жұмыс тәжірибесі үшін 5 балдан аспайды). Шағымда көрсетілген талаптар шеңберінде, жеке кәсіпкер Төксеитов А.-ның уәждеріне сәйкес ұсынылған аспаздар бұрын веб-порталда өткізілген конкурстарда расталмағаны туралы айтылады. 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 қағидаларға сәйкес, қызмет көрсетушіні таңдау өлшемшарты бойынша (аспаздың болуы – орта арнаулы білімі бар (білім туралы құжат 2007 жылғы 27 шілдеге дейін алынған жағдайда) немесе қоғамдық тамақтану саласы бойынша аспаз біліктілігі берілген техникалық және кәсіптік, жоғары білімі бар, білім беру ұйымында 1300-ге дейін білім алушы болған жағдайда 6 балдан аспайды), жеке кәсіпкер Төксеитов А. конкурстық өтінімінде 4 аспаз және 8 асүй қызметкері бойынша құжаттар ұсынған, олар тиісті түрде расталған. Осы бөліктегі шағым уәждері расталмайды. Аспаздардың еңбек өтіліне қатысты, «аспаздың кемінде 1 жыл еңбек өтілі – 4 балдан аспайды» деген өлшемшарт қолданылады. Қызмет көрсетушіні таңдау өлшемшарты бойынша, технолог немесе қоғамдық тамақтану саласы бойынша жоғары немесе орта техникалық білімі бар техник-технологтың болуы (2 балдан аспайды).

1. Қызмет көрсетушіні таңдау бойынша талап етілетін өлшемшартқа сәйкес, жеке кәсіпкер Төксеитов А. технология маманы Есмуратова Айман Бекенқызына қатысты растайтын құжаттарды ұсынған, ол техникалық білімі бар инженер-технолог дипломына ие. (*шағым уәждері бұл бөлігінде расталмайды)*
2. Бричко Евгенияға қатысты, 2026 жылғы 22.02.2026 ж. жағдай бойынша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналарының аударылғаны туралы электрондық үзінді көшірмеге сәйкес, жеке кәсіпкер Төксеитов А. тарапынан жұмыс беруші ретінде 2025 жылғы 07.03.2025 жылдан 2025 жылғы 10.12.2025 жылға дейінгі кезеңде зейнетақы жарналарының түсуі көрсетілген, жалпы 14 айды құрайды. Аспаздың еңбек өтілі 1 жылдан астам екені расталады. Жалпы балл саны көрсетілмеген. *(шағым уәждері бұл бөлігінде расталмайды*)
3. Лесова Гүлназға қатысты, 2026 жылғы 01.02.2026 ж. жағдай бойынша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналарының аударылғаны туралы электрондық үзінді көшірмеге сәйкес, жеке кәсіпкер Төксеитов тарапынан жұмыс беруші ретінде 2025 жылғы 26.03.2025 жылдан 2026 жылғы 05.01.2026 жылға дейінгі кезеңде зейнетақы жарналарының түсуі көрсетілген, жалпы 15 айды құрайды. Аспаздың еңбек өтілі 1 жылдан астам екені расталады. (*шағым уәждері бұл бөлігінде расталмайды*)
4. Сәлімтай Нұргүлге қатысты, 2026 жылғы 23.02.2026 ж. жағдай бойынша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналарының аударылғаны туралы электрондық үзінді көшірмеге сәйкес, жеке кәсіпкер Төксеитов тарапынан жұмыс беруші ретінде 2025 жылғы 07.03.2025 жылдан 2026 жылғы 15.01.2026 жылға дейінгі кезеңде зейнетақы жарналарының түсуі көрсетілген, жалпы 16 айды құрайды. Аспаздың еңбек өтілі 1 жылдан астам екені расталады. (*шағым уәждері бұл бөлігінде расталмайды*)

Шағымда көрсетілген талаптар шеңберінде әлеуетті өнім беруші «Аллана и Д» жеке кәсіпкерінің конкурстық өтінімі қайта зерделенді, нәтижесінде келесілер анықталды:

Конкурстық комиссия «Аллана и Д» жеке кәсіпкерінің конкурстық өтінімін заңды түрде конкурстық рәсімге жіберген, себебі 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 қағидаларға сәйкес қызмет көрсетушіні таңдау өлшемшарттары бойынша аталған өтінім белгіленген талаптарға сәйкес келеді. (*шағым уәждері бұл бөлігінде расталмайды)*

ЖК «Ауыл Береке 2016» конкурстық құжаттамасында 3 аспазшы ұсынған.

1. ТОЙБАҒАР САЛТАНАТ МИЯТБЕККЫЗЫ, 3 - разрядты аспазшы,
2. АБДУШАИТОВ БЕКЗОД БОХАДИРОВИЧ, 5 – разрядты аспазшы,
3. КАРАСАРТОВ СУЛТАН-БЕЙБАРЫС МИРБЕКОВИЧ, 5- разрядты аспазшы; *(Аспазшылардың біліктілігі туралы құжаттар конкурстық құжаттамада ұсынылған).*

Бұйрықтың үлгілік конкурстық құжаттамаға 7-қосымшасына сәйкес арнайы орта білімі (білім туралы құжатын 2007 жылғы 27 шілдеге дейін алған жағдайда) немесе техникалық және кәсіптік білімнің, 3 разрядтың болуы 1 балл, арнайы орта білімі (білім туралы құжатын 2007 жылғы 27 шілдеге дейін алған жағдайда) немесе техникалық және кәсіптік білімнің, 5 және одан жоғары разрядының және (немесе) жоғары білімнің болуы 3 балл берілуі тиіс. **Бұйрықты негізге ала отырып конкурстық комиссия ЖК "Ауыл Береке 2016" ұсынылған аспаздарына 2 баллдың орынан 6 балл беруі тиіс деп көрсетілген.**

Осы шағымды ескере отырып ЖК «Ауыл Береке 2016» азпазшыларына 6 бал берілу қажет.

Өтініш орындаушы **Дауренбеков Б.**